

көкейкесті мәселелері – қарусыздану және халықаралық қауіпсіздікті нығайту, аймақтық жанжалдарды реттеу және бейбітшілікті қолдау жөніндегі операциялардың тиімділігін арттыру, адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, айналадағы ортаны қорғау, дамыту және т.б. саясат жүргізіп, ішкі әл-ахуалымызды жақсартып, болашақта өркениетті, құқықтық қоғам орнатуына сеніміміз мол.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сапарғалиев Ғ. С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. А., 2014ж.
- 2 Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация, 25.10.1990ж.
- 3 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, 16.12.1991ж.
- 4 Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995ж.
- «Қазақстан-2030» ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы.
- 5 Адилова К.А. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамның қалыптасуы: теориялық құқықтық мәселелері: монография. Алматы, 2012ж.

УДК 34

Аманкожаев А. А.

Сүлейман Демирел атындағы Университет Құқықтаны кафедрасының аға оқытушысы, құқық магистрі, Қазақстан Республикасы, Алматы.

aidyn.amankozhayev@sdu.edu.kz

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ МҮЛІКТЕРІНІҢ ЗАҢДЫ РЕЖИМІ ЖАҒДАЙЫНДА ӘРҚАЙСЫНЫҢ ЖЕКЕ МЕНШІКТЕРІ

Abstract. In this article private property of a spouse in the assets legal regime is analyzed.

Кілт сөздер: Ерлі-зайыптылардың мүліктері, ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды режимі, жұбайлардың жеке меншіктері, бірлескен ортақ меншік, ерлі-зайыптылардың әрқайсының жеке меншіктері.

Ерлі-зайыптылардың араларындағы мүліктік қатынастарды кодексіміз диспозитивті әдіспен реттегендіктен, араларында шарт жасау арқылы қалауларынан реттей алады. Жұбайлар араларындағы мүлікке байланысты қатынастарын араларында қалауларынан (шартпен) реттемеген жағдайда, заңнамамыз мүліктік режим қарастырған, осыған жұбайлардың мүліктерінің заңды режимі дейміз. Жұбайлардың мүліктерінің заңды режимі – бірлескен ортақ меншік. Яғни заңымыз жұбайлардың арасындағы мүліктік режимін меншік құқығы негізінде бірлескен ортақ меншік екенін анықтаған.

Отбасы (НОТК) [1] кодексіміздің 7-ші таруының §1. «Ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды режимі» тақырыбымен реттеген. Алайда заңнамамыз §1 тақырыбындағы «...ерлі-зайыптылардың мүлкінің ...» және кодексіміздің 33-бабында: «Ерлі-зайыптылар некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезінде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады.» деген сөздерінен нені түсінеміз? Осы параграф тақырыбын мен тиісті баптарда мүлік сөзінің нендей мағынада қолданылғанын алғаш анықтауымыз керек. Мүлік (орысша мәтінде: имущество) сөзі құқық терминологиясында үш мағынада қолданылады

[2]. Біріншісі, заттық құқық мағынасында, меншік, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқықтары негізіндегі заттар мен материалдық құндылықтар жиынтығы; Екіншісі, активтер мағынасында, заттар мен құқықтардан қалыптасқан материалдық құндылықтар жиынтығы; Үшіншісі, активтер мен пассивтерді қамтитын мағынада, материалдық құндылығы бар иелігіндегі құқықтар мен міндеттерден қалыптасқан жиынтылық.

НОТК 32-бабы, «Ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды режимі ұғымы» тақырыбымен 1-ші тармағында: «Егер неке шартында өзгеше белгіленбесе, ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ меншігінің режимі олардың мүлкінің заңды режимі болып табылады.» - деген. Анықтамадан байқайтынымыз, отбасы кодексіміз мүлік сөзін меншік ұғымында қолданылғандығы болып отыр. Себебі міндеттемелік құқықтық мағынадағы алашақты (талапты) бірден бірлескен меншік құқығы қатарына жатқыза алмаймыз. Оған алғаш меншік құқығы туындауы керек сол кезде барып, ол ортақ меншікте болуы мүмкін. Осы айтылып отырған ережелерде (нормаларда) белгіленген ұғымдарға сәйкес, отбасы кодексіміздің «Ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды режимі» атты параграфында белгіленген ережелердің ерлі-зайыптылардың неке кезіндегі меншік құқығына байланысты айтылған ережелер екендігін шығаруымызға болады.

Соттардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істерді қараған кезде заңды қолдануы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 28 сәуірдегі № 5 Нормативтік қаулысының (ҚРЖСНҚ 28.4.2000ж. № 5) 14-ші тармағында, «... Кодекстің 39-бабына сәйкес ерлі-зайыптылардың некедегі (ерлі-зайыптылықты) және (немесе) ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін анықтайтын өзге тәртіп белгіленбесе (неке (ерлі-зайыптылық) шарты), азаматтардың меншіктік құқықтарының объектісі болып табылатын, АҚ-нің 115, 116 және 191-баптың 2-тармағына сәйкес ерлі-зайыптылардың қайсысының атына сатып алғанына немесе ерлі-зайыптылардың қайсысының ақша салғанына қарамастан, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АҚ) 223-бабына сәйкес ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған кез келген жылжитын және жылжымайтын мүліктері, бөлуге жататын біріккен ортақ меншік болып табылады (Кодекстің 33-бабының 1 және 2-тармақтары).» - деген түсіндірмесінен де жоғарыдағыдай мағына шығарамыз.[3]

Жоғарыда айтылғандар жарығында кодексімізде ерлі-зайыптылардың заңды режимімен олардың меншік құқығының бірлескен ортақ меншік екендігі анықталған. Ал меншік құқығы болса, азаматтың материалдық құндылықтарындағы активтердің бір бөлігі ғана болып табылады. Олай болса, жұбайлардың неке кезіндегі меншік құқықтарына ғана, неке шартымен өзгеше белгіленбесе, бірлескен ортақ меншік ережесін қолданамыз.

Жұбайлардың меншік құқығынан басқа активтеріне (алашақтарына) заңды режим ережелері қолданылмайды. Басқаша айтқанда, заңды режиммен реттеудегі мүлік ұғымы жұбайлардың активтерін қамтымайды, тек қана меншік құқықтарын қамтиды. Осы айтылғандардың құқықтық тұрғыдан тәжірибелік маңызы, жұбайлардың алашақтары мен талап құқықтарына заңды режим ережесі қолданылмайды. Яғни жұбайлардың алашақтары мен талаптарына меншік құқығы пайда болғанда ғана оларға заңды режим ережесі қолданылып, бірлескен ортақ меншік ережелерін қолдану мүмкіндігі туындайды да, содан кейін меншік құқығына үлестерін анықтап бөлу мүмкіндігі туындайды. Келесі кезекте ерлі-зайыптылардың заңды режимін талқылауды осы негізде жалғастырайық.

Келесі кезекте, ерлі-зайыптылардың мүліктік заңды режимінде әрқайсының жеке меншіктерінің жағдайын талқылаймыз.

Ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігі. Ерлі-зайыптылардың мүліктерінің заңды режимі жұбайлардың неке кезіндегі бірлескен ортақ меншіктерімен қатар, олардың әрқайсыларының өздерінің жеке меншіктеріне байланысты мәселелерді де құқықтық реттеген. Ерлі-зайыптылардың жеке меншіктеріндегі мүліктері отбасы кодексіміздің (НОТК) 35-ші және азаматтық кодексіміздің (ҚРАК) 223-ші баптарында белгіленген.

Оларды төрт топта жинақтауға болады, а) некеге дейінгі мүліктері, ә) ақысыз мәмілемен алынған мүліктері, б) ерлі-зайыптылардың жеке заттары, в) неке іс жүзінде тоқтаған кездегі алған мүліктері.

а) Некеге дейінгі мүліктері - некеге отырғанға дейін ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігі болған мүліктері. Жалпы ерлі-зайыптылардың мүлкінің заңды режимі жұбайлардың неке кезіндегі мүлкіне байланысты мүліктік реттеуін ескерсек, некеге дейін және некенің құқықтық салдары тоқтағаннан кейін еркек пен әйел бір-біріне ерлі-зайыптылар болмайтындықтан, олардың арасындағы бірлескен ортақ меншіктің де болуы мүмкін емес. Яғни неке кезінде алынған мүліктер ғана бірлескен ортақ меншік болатындықтан, некеге дейін және неке тоқтағаннан кейін әркімнің алған мүлкі өз меншігі болуы да табиғи нәтиже.

Осы топтағы мүліктерінің ерекшелігі, мүлік неке қиылғанға дейін жұбайдың меншігінде болуы. Меншік құқығының некеге дейін пайда болғанын куәлардың айтуымен, түбіртек, өткізу актісі, меншік құқығының некеге дейін туындағанын көрсететін құжаттар, келісім шарттар арқылы, азаматтық кодекстегі мәмілелердің құқықтық салдарын туғыза алмау жағдайлары ескеріле отырып және дәлелдеу кезінде, азаматтық заңнамамен дәлелдеу мүмкіндіктері мен олардың шегі ескеріліп, дәлелдеулеріне болады.

Жұбайлардың осы түр жеке меншігіндегі мүліктің меншік құқығының ақылы ақысыз мәміле арқылы келуінің де маңызы жоқ. Мүліктің неке қиылғанға дейін жұбайдың меншігінде болуы жеткілікті. Сонымен қатар неке қиылғанға дейінгі мүлкінің орнына неке қиылғаннан кейін келген мүлік жұбайлардың өз меншігінде қалады. Осы орайда маңыздысы, жұбайдың жеке меншігінен түскен табыс болмауы керек (НОТК 33/2). Сол сияқты, осындай мүліктің орнына неке кезінде алынған мүлікке жұбайлардың бірлескен ортақ мүліктерінен төлем жасалған жағдайда, жеке мүлік орнына алынған жаңа мүліктегі жеке меншік пен бірлескен ортақ меншік үлестері анықталып соған қарай неке кезіндегі мүлікке бір жұбайдың үлесі мен бірлескен ортақ меншік үлесі белгіленгені әділ болар еді.

Мысалға неке дейін жұбайлардың біріне тиесілі болған пәтерін некеге тұрғаннан кейін сатып, дәл сол ақша сомасына көлік алынса, көлік жұбайдың жеке меншігінде қалады.[4] Бірақ жеке меншіктегі сатылған пәтердің (20 000 000тг) ақшасына қосымша төлем (20 000 000тг) бірлескен ортақ меншіктен қосылып (40 000 000тг) басқа жаңа пәтер алынса, онда жеке мүлік орнына алынған жаңа пәтердің $\frac{1}{2}$ -не жеке меншік, ал қалған $\frac{1}{2}$ - не бірлескен ортақ меншік екенін анықтағаны әділ болатын еді. Бірақ тәжірибеде (сот шешімдерінде) [5] де некеден кейінгі алынған мүліктің бір бөлігіне ерлі-зайыптылардың жеке меншігін, ал екінші бөлігіне бірлескен ортақ меншік құқығы қабылданбайды. Себебі отбасы кодексіміздің 36-шы бабының 1-тармағындағы *«Егер некеде тұрған кезеңінде ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі немесе ерлі-зайыптылардың бірінің мүлкі не олардың кез келгенінің еңбегі есебінен осы мүліктің құнын едәуір арттырған салыным жасалғаны...»* ережесіне негізделеді. Заңнамамыздың осындай ережесіне қарсы соттың басқаша шешім шығаруы да заңды болмасы анық. Осы жұбайлардың жеке меншігіндегі мүліктің

жұбайлардың бірлескен ортақ меншігіне ауысып кету мәселесі, бірлескен ортақ меншік тақырыбы болғандықтан, осы орайда талқыламаймыз.

Алайда отбасы кодексіміздің ерлі-зайыптылардың мүліктерінің заңды режиміне байланысты ережелердің диспозитивті екені ескерілсе, жұбайлар жоғарыдағы ережені (мүлікті алу немесе неке кезінде) араларында қарастыруларына немесе істің сотта қаралу кезінде де осылай келісулеріне еш кедергі жоқ.

ә) Ақысыз мәміле арқылы немесе мұрагерлік тәртібімен алынған мүліктері - ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезеңінде мұрагерлік тәртібімен немесе өзге де ақысыз (өтеусіз) мәмілелер бойынша, сыйға алынған мүлік. Осы топтағы мәмілелер арқылы меншік құқығы туындаған мүліктердің ортақ ерекшеліктерінің бірі, мүлікке жұбайлардан бірінде меншік құқығының туындауында ортақ меншіктен ақы ретінде төлем жасалмауы болып отыр. Яғни меншік құқығының ауысуына қарсылық (себеп ретінде) ешқандай ақының болмауы. Ал екінші ерекшелігі ақысыз мәмілемен келген меншіктің неке кезінде туындауы. Некеге дейін меншік туындаса, онда ол осы негіз (ақысыз мәміле) бойынша емес, жоғарыда талқыланған (некеге дейінгі) негіз бойынша жұбайдың жеке меншігі болады.

Сонымен қатар, жұбайлар араларында осындай ақысыз мәміле жасалуы мүмкін және оған заңнамалық тұрғыдан еш кедергі жоқ. Бірақ ақысыз мәміле бойынша меншік құқығын иеленген тарап, барлық жағдайларда, жұбайлардың бірі болуы міндетті талап. Ал ақысыз мәміле арқылы меншік құқығын берген (ауыстырған) тараптың үшінші тұлға немесе жұбайлардың бірінің де болуы мүмкін. Осылайша, өсиет қалдырушы немесе сыйға беруші жұбайлардың бірі бола алады.

Мұрагерлік құқықта заң бойынша мұрагерліктегі әмбебап құқық мирасқорлығы немесе өсиет бойынша мұрагерлікте көбіне кездесетін жеке құқық мирасқорлық ережелеріне сәйкес мүліктің меншік құқығы жұбайлардың біріне ауысса, онда ол ерлі-зайыптылардың жеке меншігінде болады.[6] Яғни мұрагерге ауысқан меншіктің әмбебап немесе жеке құқық мирасқорлығы ережелерінің бірімен ауысуының ешқандай маңызы жоқ. Сонымен қатар мұрагерлік құқықтағы мирасқорлық ережелеріне сәйкес меншік құқығының ауысу жағдайында мүлік жұбайлардың әрқайсысының жеке меншігі болып табылады.

Мұрагерлік құқық бойынша мұра қалдырушыдан талап құқығы немесе міндет ауысқан жағдайда, олар ерлі-зайыптылардың мүліктерінің заңды режиміне кірмейтіндіктен, жұбайлардың әрқайсысының жеке меншігіне байланысты отбасы (НОТК 35) ережесін де қолдана алмаймыз. Бірақ талап құқығының орындалуы нәтижесінде жұбайлардың бірінде меншік құқығы туындаса, осы меншік құқығына жұбайлардың әрқайсысының жеке меншігіне байланысты отбасы құқығы (НОТК 35) ережесін қолданамыз. Ал керісінше, меншік құқығы емес өзге (шектеулі) заттық құқық мұраға берлісе, онда ол меншік құқығы болмағандықтан, жұбайлардың мүліктерінің заңды режимінде де орын алмайды. Мысалға, мұра қалдырушының жұбайдың (легатарий) пайдасына өсиеттік бастартуды өсиет ету жағдайы (ҚРАК 1057).

Ақысыз (өтеусіз) мәмілелер бойынша сыйға алынған мүліктер ұғымынан, ақысыз мәмілелер арқылы пайда болған меншік құқығын түсінуіміз керек. Яғни ақысыз мәміле арқылы жұбайда меншік құқығы туындауы тиіс.

Азаматтық кодексіміздің 506-шы бабында: *«Сыйға тарту шарты бойынша бір тарап (сыйға тартушы) басқа тараптың (сыйды алушының) меншігіне затты немесе өзіне немесе үшінші адамға мүліктік құқықты (талапты) тегін береді немесе беруге*

міндеттенеді не оны өзінің немесе үшінші тұлғаның алдындағы мүліктік міндеттен босатады немесе босатуға міндеттенеді.» - деген. Осы анықтамадан түсінетініміз, сыйға тарту шарты арқылы заттың меншік құқығы тегін беріледі, әлде талап құқығы тегін ауысады немесе міндеттен тегін босатылады.

Затқа меншік құқығы берілгенде, тегін берілген заттың меншік құқығы жұбайда болады да жеке меншігінде бірден орын алып, бірлескен ортақ меншікке кірмейді. Ал талап құқығы берілсе, онда талаптың орындалуы нәтижесінде меншік құқығы туындаса, ол да жұбайдың жеке меншігі болады. Себебі неке кезінде ақысыз мәміле арқылы туындаған меншік құқығы болғандықтан, меншік құқығы туындаған кезде барып жұбайдың жеке меншігі болады. Керісінше әлі талап құқығы кезінде әлі меншік құқығы туындамағандықтан, жұбайлардың мүліктерінің заңды режимінде (бірлескен ортақ меншігінде) орын алу мүмкіндігі де жоқ. Мысалға анасына баласы бірінші айлығын ақысыз беруге уәде етсе, аталған қаражат анасына (жұбайға) берілгенде немесе анасының банктік шотына келіп түскенде барып анасының (жұбайдың) жеке меншігінде орын алады. Осы орайда айтылғандар меншік құқығына байланысты, ал жұбайлардың талап құқығына байланысты құқықтық өзгеріс болмайды.

Сыйға тартуда міндеттен босату жағдайы қарастырылса, жалпы меншік құқығы туындамайтындықтан, ерлі-зайыптылардың мүлкінің заңды режиміне байланысты мәселе де болмайды. Осы орайда міндеттен босатудың өзіне қарсы (орындалуы тиіс) міндеттен босату [7], әлде үшінші тұлғаға қарсы міндетінен босату түрінде кездесетінін ұмытпауымыз керек.

Егер міндеттен босату (әр екі жағдайда) жұбайлардың бірлескен ортақ меншігіндегі мүліктің ақысына байланысты жасалғанда құқықтық шешім табуы күрделенеді. Осыған байланысты отбасы кодексіміз, жұбайлардың жеке меншігіндегі мүліктің жұбайлардың бірлескен ортақ меншігіне ауысуын қарастырған (НОТК 36). Ал керісінше, жұбайлардың бірлескен ортақ меншігіндегі мүліктің жұбайлардың жеке меншігіне ауысу жағдайын қарастырмаған. Сол себепті мұндай жағдайларда жұбайлардың бірлескен ортақ меншігіндегі мүліктің ақысы сыйға тарту ретінде төленсе де мүлік бірлескен ортақ меншікте қала береді.

Мысалға, жұбайлардың бірі (А) досынан (Д) ақысын кейінірек беру міндетімен көлігін алады. Досы (Д) жұбайлардың материалдық жағдайының қиындағанын ескеріп, (А)-дан көліктің ақысын төлемеуін осылайша, міндеттен босатқанын айтады. Сол сияқты ерлі-зайыптылардың банктік кредит шартымен (ипотекаға) қарызданып алған пәтерлерінің қарызын жұбайлардың бірінің ата-анасы төлеп тастайды. Осы мысалдарда жұбайлардың көлігі мен пәтер олардың бірлескен ортақ меншігі ма, әлде жеке меншіктері ма мәселесінің шешімі, мүліктер (көлік пен пәтер) жұбайлардың бірлескен ортақ меншігінде қала береді. Басқаша мәселені күрделендірудің мағынасы жоқ, себебі барлық жағдайларда мүлік жұбайлардың меншігі болудан шықпайды. Ал оның бірлескен немесе үлесті ортақ меншіктерінде болуы тәжірибелік тұрғыдан өте маңызды емес. Сол себепті, тәжірибеде осындай жағдай туындаса, жұбайлар мен сыйға тартушы арасында сыйға тарту шарты жасалу кезінде немесе жұбайлар өз араларында мүліктің кімнің жеке меншігі болатынын көрсеткендері орынды болар.

Жұбайдың біріне мемлекет немесе жеке ұйымдар тарапынан ақысыз төленген (берілген) ақша сомаларының жеке меншігінде орын алуы пікір таласты. Жалпы жұбайларға әлеуметтік мақсатта төленген төлемдер олардың бірлескен ортақ меншігінде орын алатыны анық. Олардың ішіндегі ақысыз келгендері жәрдемақылар, арнаулы

нысаналы мақсаты жоқ өзге де ақшалай төлемдер және осыған мысал ретінде заңнамамыз, «... материалдық көмек сомалары, мертігу не денсаулығының өзге де зақымдануы салдарынан еңбек қабілетінен айрылуына байланысты нұқсанды өтеуге төленген сомалар және басқалары» - деген.

Заңнамамызда жұбайлардың бірлескен ортақ меншігінде орын алатын материалдық төлемдердің ортақ ерекшелігі, әлеуметтік мағынадағы төлемдер болуы. Яғни мұндай төлемдер болса, бірлескен ортақ меншікте орын алады. Яғни мертігуіне байланысты берілген (көмек) жәрдемақы, еңбек қабілетінің төмендеуі немесе жоғалтуына байланысты сол сияқты (әлеуметтік көмек мақсатында) төленген материалдық төлемдер қай жұбайға төленгеніне қарамастан, бірлескен ортақ меншіктері болады. Мысал ретінде, осы мақсаттағы сақтандыру төлемдерін немесе мемлекеттік жәрдемақыларды айтуға болады.

Ал, жұбайға сый немесе сыйлық ретінде берілген мүлік жеке меншігінде болады. Мысалға, жұмыс орнынан зейнетке кету кезінде сыйланған пәтер немесе көлік жеке меншігінде орын алады. Егер, жұбайға пәтерінің жалдау құнының белгілі бір бөлігі жұмыс орны тарапынан төленсе, бұл бір әлеуметтік көмек төлемі болғандықтан, бірлескен ортақ меншікте орын алады.

Осындай төлемдерге ұқсас, жұбайларға мемлекеттік немесе жеке нысандағы сыйлықтар мен марапаттаулар оның жеке меншігі болып табылады. Себебі сыйлықтар мен марапаттаулар адамға еңбегі, беделі сияқты адами қасиеттері ескеріліп беріледі. Олай болса, марапаттау мен сыйлықтарда (материалдық жағдайының ауырлығына немесе денсаулығына байланысты көмек сияқты) әлеуметтік мақсат жоқ. Мысалға ғылыми жаңалығына, еңбек қызметіне немесе қоғамдық іс-шараларға үлесіне байланысты берілген мемлекеттік сыйлықтар мен марапаттары жұбайдың жеке меншігі болады. Аталған сыйлық пен марапатты мемлекеттен тыс, жеке қорлар мен жеке ұйымдар тарапынан да ұйымдастырылып, берілген жағдайларда да нәтиже өзгермейді.

б) Ерлі-зайыптылардың жеке пайдаланатын заттары, некеде тұрған кезеңінде ерлі-зайыптылардың ортақ қаражаты есебінен сатып алынғанына қарамастан, ерлі зайыптылардың жеке меншігі болады. Осындай аталған затты жеке қолданатын жұбайдың меншігі болады. Бірақ бұлар қымбат заттар мен басқа да сән-салтанат заттары қатарына кірмеуі тиіс (НОТК 35/3).

Жеке заттар жұбайдың жеке өзінің қажеттілігін қанағаттандыруға арналған заттар. Яғни жұбайлар ортақ пайдаланатын немесе ортақ пайдалануға жарайтын заттардан болмауы тиіс. Сонымен қатар мұндай заттардың бірлескен ортақ меншіктегі заттардан немесе солардың есебінен алынуы тиіс. Жұбайдың жеке меншігіне немесе жеке меншік есебінен алынған заттар сол жұбайдың жеке меншігі болып табылатыны даусыз. Мысалға, айлығына алынған киім-кешектері, жеке тазалық (гигиена) заттары. Күйеудің өзі ғана қолданып жүрген компьютер ортақ меншік болып табылады. Себебі компьютер ортақ пайдалануға жарайтын зат.

Бірақ осындай жұбайлардың жеке заттары жеке меншігінде орын алуы үшін құнды зат* (қымбат зат) немесе сән-салтанат заттары болмауы тиіс (НОТК 35/3).

Құнды зат – түсті металдан жасалған немесе тарихи, әдеби, сандық өлшемдік жағынан аздығына орай материалдық тұрғыдан бағасы жоғары заттар. Мысалға, алмаз, алтын, бриллианттан жасалған заттар, Ахмет Байтұрсыновтың тірі кезінде қолына такқан сағаты

* НОТК 35/3-тармағының орыс тіліндегі мәтінінде: «драгоценность» - деген сөз қолданылған, қазақша аудармасы «құнды зат» болуы керек еді, бірақ «қымбат зат» деп дұрыс аударылмаған.

сияқты заттардың қай жұбайдың жеке қолдануында екеніне қарамастан, жұбайлардың бірлескен ортақ меншігі болады.

Сән-салтанат заттары – қажеттіліктен туындайтын пайдаланудан көбірек әлеуметтік және материалдық жағдайын көрсету үшін қолданылатын заттар. Яғни осындай заттар, қолданушының әлеуметтік деңгейінің немесе материалдық жағдайының жоғарылығын көрсету мақсатымен пайдаланылатын заттар. Мысалға, сирек кездесетін қолтырауынның терісінен жасалған қолғап, атақты модельердің қолымен жеке дара тігілген көйлек. Осы заттар иесінің жеке қолданатын заттары болғанына қарамастан жұбайлардың бірлескен ортақ меншігінде орын алуы әбден мүмкін.

Жұбайлардың жеке заттарын құнды (қымбат) зат немесе сән-салтанат заты екенін анықтау үшін отбасының әлеуметтік және материалдық жағдайында ескеру қажет. Яғни жұбайлардың жеке қолданып жүрген заттарын құнды немесе сән-салтанат заты деп олардың бірлескен ортақ меншігіне қабылдау үшін, әр оқиғада жеке, жұбайлардың табысын, өмір сүру салтын және отбасының әлеуметтік, материалдық жағдайларын ескере отырып анықтаған орынды. Мысалға, атақты, халық тарапынан көп танымал, белгілі әншілердің отбасын алсақ, олардың әр киімі жеке тапсырыспен тігілген киімдер. Осылайша жұбайлардың жеке меншігі немесе бірлескен ортақ меншіктегі зат екенін анықтауда, жоғарыда айтылған мәліметтерге сүйене отырып, мәселенің ерекшеліктерін ескерген орынды болады.

в) неке іс жүзінде тоқтаған кездегі алған мүліктерін сот ерлі-зайыптылардың жеке меншігі деп тануы мүмкін. Отбасылық қарым-қатынас және ортақ шаруашылықты жүргізу нақты тоқтатылғаннан кейін жұбайлардың бірлесіп сатып алмаған мүліктерін сот жұбайлардың жеке меншігі деп тануы мүмкін.

Жалпы ереже, неке заңда белгіленген себептер болған жағдайда өздігінен, жұбайлардың бірінің, не екеуінің бастамасымен сот шешімі заңды күшіне енген кезде немесе АХАТ органында бұзылғанда некені бұзу туралы жазба актілік жазбалар (АЖ) кітабына тиісті жазба енгізілген кезде ғана құқықтық нәтижесін тоқтатады. Осылайша неке құқықтық нәтижесін тоқтату кезінен кейін жұбайлар арасындағы мүліктерінің заңды режимі де құқықтық күшін тоқтатады.

Бірақ, отбасы кодексіміз ерлі-зайыптылардың арасындағы мүліктік режимнің құқықтық салдарын тоқтатуына айрықша жағдай енгізген, ол ерлі-зайыптылардың арасында тар мағынадағы отбасылық (некеден туындаған) қатынас іс жүзінде тоқтағанда мүліктеріне байланысты мүліктерінің заңды режиміде құқықтық салдарын тоқтатады. Осылайша жұбайлардың арасындағы отбасылық қатынас іс жүзінде тоқтаған жағдайда мүліктерінің заңды режиміне байланысты жұбайлардың бірлескен ортақ меншіктерінде болуы тиіс мүлікті сот олардың жеке меншігі деп тануына құзырет берген. Бірақ НОТК 35/2-ші тармағында, *«Некенің (ерлі-зайыптылықтың) іс жүзінде тоқтатылуына байланысты бөлек тұрған кезеңде ерлі-зайыптылардың әрқайсысы жинаған мүлікті сот олардың әрқайсысының меншігі деп таниды.»* дегенінен, сот өздігінен таниды мағынасын шығармауымыз керек. Осыған құқықтық негіз ретінде де, жұбайлардың арасындағы мүліктік қатынастарды реттеген ережелердің диспозитивтілігін көрсете аламыз.

Некенің іс жүзінде тоқтау жағдайы, неке заңнамада белгіленген құжаттар негізінде тоқтамағанымен жұбайлардың бір-біріне тар мағынада отбасыдан туындайтын құқықтары мен міндеттерін жүзеге асырмаулары және осыған байланысты араларында құқықтық дауларының болмауы. Қысқаша, ерлі-зайыптылар екеуінің де қалауы бойынша (еріктерімен) араларында отбасылық шаруашылықты бірлесе іс жүзінде жүргізбейді.

Яғни, мұнда маңыздысы екеуінің де қалауы, некелік араларындағы қатынастарды жүргізбеу бағытында болуы. Басқаша, қабылдау жұбайлардың мүліктерінің заңды режиміне бір жақты өзгеріс енгізуді қабылдау болады. Олда отбасы кодексіміздің жүйесіне қайшы болады. Себебі, неке кезіндегі мүліктік мәселелерін *жұбайлар араларында келісіммен өзгертпеген* жағдайда заңды режим ережесі қолданылады.

Некенің іс жүзінде тоқтауы жағдайында ерлі-зайыптылардың бөлек тұруы міндетті түрде кездеседі. Бірақ отбасы кодексіміз ерлі-зайыптылардың бірге тұруларын міндеттемегенінде естен шығармауымыз керек. Яғни ерлі-зайыптылардың бөлек тұруы жағдайы некенің іс жүзінде тоқтауына жалғыз басына негіз бола алмайды. Сол себепті, ерлі-зайыптылардың бірі алыс мекенде іс сапармен немесе оқуда болу, әскери міндетін атқару жағдайларында неке іс жүзінде тоқтаған болмайды. Себебі жұбайлардың қалауы некелік қатынасты іс жүзінде тоқтау бағытында емес.

Жоғарыда айттықандарға сүйене отырып, жұбайлардың араларындағы некелік қатынастың іс жүзінде тоқтауы кезінде алған мүліктерін соттың жұбайлардың жеке меншігіндегі мүліктері деп тану жағдайы айрықша жағдай екені анық. Олай болса, жұбайдың некенің іс жүзінде тоқтағанын және осы кезеңде алынған мүлікке екінші жұбайдың мүліктік (материалдық, еңбегімен) қатысуынсыз меншік құқығының туындағанын сотта дәлелдеуі тиіс.

Жұбайлардың жоғарыда айтылған жағдайлар мен талаптарға сәйкес мүліктері олардың әр-қайсының жеке меншігі болады. Бірақ осындай жеке меншігіндегі мүліктері заңнамада белгіленген талаптармен олардың бірлескен ортақ меншігінде болуы әбден мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қазақстан Республикасының № 518-IV Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі. Алматы: Юрист, 2016 ж.

2 Тихомирова М.Ю. Юридическая Энциклопедия. М: Юринформцентр, 1998. 179-шы бет.

3 Параграф АЖ // Соттардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істерді қараған кезде заңды қолдануы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 28 сәуірдегі № 5 Нормативтік қаулысы.

4 Параграф АЖ // Постановление надзорной судебной коллегии по гражданским и административным делам Верховного Суда Республики Казахстан от 19 июня 2014 года № 3г-3108-14.

5 Параграф АЖ. Решение Рудненского городского суда Костанайской области от 31 июля 2014 года № 2-4855/2014; Постановление надзорной судебной коллегии по гражданским и административным делам Верховного Суда Республики Казахстан от 15 января 2015 года № 3г-210-15.

6 Батырбаев Н.М., Аманкожаев А.А. ҚР Мұрагерлік құқық. Алматы: ЛЭМ баспасы 2006.ж. 80-81-ші беттер.

7 Сергеев А.П., Толстой Ю.П. Гражданское право Т3.М:Проспект, 2000ж. 118-119-ші беттер.